



Qusaiynov
Mektebi

*М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық
дарынды балаларға арналған мамандандырылған
мектеп-интернат*




*Бейбіт Сарыбайдың шығармашылығындағы
балалар мен жасөспірімдер тақырыбы*

Орындағандар: Д.Бауыржан, Қ.Қосақбай

Ақтөбе - 2021



Сауалнама



Бағдарламаның мақсаты:

*Мақсаты:
Б.Сарыбай балалар
әдебиетіндегі орнын
екшелеу*

Міндеттері:

- балалар прозасына қосқан үлесін айқындау;
- қаламгер Б.Сарыбайдың прозалық шығармаларындағы өмір құбылыстарын, адамның ішкі жан дүниесін, көңіл-күйді бейнелеудегі өзгешелігін, ерекшеліктерін нақтылы талдаулар негізінде көрсету.



- Қазіргі қазақ прозасы – кемеліне енді жетіп, арнасынан енді асып, жаңа әдеби талаптарды бойынша сіңірген, соны әдеби ағымдар мен бағыттарды ұстанған сала.
- Ал қазіргі қазақ балалар прозасы ше?
- Өкінішке орай, соңғы кездері бұл сала шектен тыс қалып бара жатыр. Оның басты себебі ретінде – оқырмандардың жас ерекшелігі мен туындылардың іш пыстырарлығы және бет қалыңдығы деп топшаланып отыр. Яғни, жас оқырмандар тіпті кітап мұқабасына да аса назар аударады.
- Міне, сондықтан да біз қазіргі қазақ балалар прозасына шолу жасап, жазушылармен танысқымыз келді.





- *Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны, қолтаңбасы бар, жас та болса мол ізденетін, шығармашылық деңгейі жоғары қаламгерлеріміздің бірі – Бейбіт Сарыбай. Ол – ақын, жазушы, журналист. Қаламгер өз туындыларында адамның қоғамдағы орнын, қызметін, оның өз дәуірімен қарым-қатынасын көркемдікпен ашуға ұмтылған. Жазушы шығармаларында алаңсыз балалық шақ, аңғал жеткіншек шақ, риясыз бозбалалық кез, жалпы балалар тақырыбы, адам жанының иірімдері сипат болған.*

Әдебиеттің көп жағдайда назардан тыс қала беретін бір саласы – балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті – кішкентайлардың үлкен әдебиеті. Ересектерге арналған туындыны балалар оқи бермейді. Өйткені, ойлау машығы өзге, қабылдау мүмкіндігі шектеулі. Осындай жағдайда балаларға әдебиет жасамау – оларды көзге ілмеу, елемеу болып табылады. Бүгінгі балаларды елемеу – қоғамның ертеңін ескермеу. Адамзат баласының ертеңін елеп, ескермеуден асқан салғырттық болмайды. Сондықтан, өркениетке жетемін деген ел, өзін-өзі сыйлайтын халық балаларға жағдай жасайды, балалардың рухани қазына-байлығына ерекше зер салады.




Б.Сарыбай әңгімелеріндегі балалар мен жасөспірімдер тақырыбының көрінісі

- Әдебиет тарихында заман келбеті, заман адамы, оның бейнесін жасау – қаламгердің қуатты да қарымды қаламынан туатыны сөзсіз. Қай қаламгер болмасын, өз шығармасында замана кейпін айқын ашып беретіндей, келешек ұрпаққа анық жететіндей дәрежеде жазуды мақсат тұтады.



Алматы: Жалын, 2009.
Таралымы 2000 дана.



Астана: Фолиант, 2014.



Алматы: Жалын, 2017.



«Бейкүнә күнәһарлар» атты әңгімесінде жазушы Б.Сарыбай ауылдағы балалық шақтың дәмін ерекше сезіммен суреттейді. Бейкүнә балалардың адал, аңғал, зиянсыз әрекеттерін көз алдымызға әкеліп, олардың образын ерекше ойнатады. Ауыл балаларына тән ұшып бара жатқан ұшаққа тұра жүгіріп, мені ала кет деуі – барлық балаларға тән нәрсе. Балаң көңіл, әр нәрсені армандау, болмашы нәрсеге қуану секілді қасиеттер осы кезге тән. Осы сезімді жазушы келістіріп суреттеген. Дарын мен Ерболдың бір-бірін келеке ету де – балаға тән психология.

«Өліара» әңгімесіне келсек, бұл әңгіме сатиралық бағытқа құралған. Оқуға тапсыруға бет алған лирикалық қаһарманның мінез-құлқын да көреміз. Қазіргі заманның тіпті, типтік образдарының бір парасын көреміз. «...Одан қалыспай, мен де көшірдім. Барлық жауабым дұрыс болып кетсе, сенбей қайта-қайта қарап жүре ме деп қорқып, арасында бірді-екілі қате жіберіп қоямын. Жүз жиырма сұрақтың жиыrmасын өз білгеніммен (яғни қате қылып) белгілеп, қалған жүз сұрақты айна-қатесіз көшірдім. Бар шаруаны тындырып бітісіммен сыртқа шыққым келді.

Алғашқы бір-екі адам шығысымен мен де сыртқа тап бердім. Оқуға түсетініме сенімді болдым» [3,12-б.] - деген сөздерінен лирикалық кейіпкердің тек өз ойын емес, оған **автордың қазіргі қоғамдағы оқуға тапсыруға адам жалдау, дайын жауаптарды пайдалану, қазіргі тест жүйесіндегі берекетсіздік, оқушылардың білім алдындағы жауапкершіліксіздігі секілді үлкен ауқымды мәселелерді көтерген.**



ҰСЫНЫС

- 1. Кітапханаларда Бейбіт Сарыбай күні өткізілсе;
- 2. Мектептерде «Кітап оқу терапиясы» сияқты оқу курстарының материалдарына немесе оқулықтарға балалар тақырыбына қалам тартып жүрген қазіргі қаламгерлердің, яғни Б. Сарыбайдың әңгімелері енгізілсе;
- 3. Қазіргі балалар жазушыларын насихаттау мақсатында суреттерін билбордтарға немесе автобустарға іліп, олар жайында қысқа да нұсқа ақпарат берілсе дейміз.

● Қорытынды

- Зерттеу жұмысында Бейбіт Сарыбайдың қазақ әдебиетінің тарихына өзіндік стиль алып келгенін, ерекше қолтаңбалы жазушы екенін білдік.

Оның шығармалары қысқалығымен, нұсқалығымен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Бұрыннан айтылып жүрген тіл кестесі, образ сомдау, характер, идея сынды көркем шығармаға тән компоненттер Бейбіт Сарыбай прозалық шығармаларынан кеңінен көрініс табады.

Назарларыңызға рақмет!

